

Карлагтың құрбандарын еске алу үшін арнайы ескерткіштер мен мұражайлар ашылды. Қарағанды облысында Карлагтың нақты орналасқан жерінде «Карлаг тарихи-мәдени ескерткіштер кешені» құрылды. Бұл жерде саяси репрессияға ұшырағандардың тағдыры туралы мәліметтер, тұтқындардан қалған қолжазбалар мен фотосуреттер көрсетіледі. Мұражайда осы қасіретті кезеңнің тарихи маңыздылығын және оның қазақ қоғамы мен мәдениетіне тигізген әсерін түсіндіретін көрмелер ұйымдастырылады.

2. Зерттеу жұмыстары

Карлагтың тарихын зерттеу көптеген тарихшылар мен ғалымдардың назарын аударды. Кеңес үкіметінің құлағаннан кейін ашылған архивтер мен құжаттар негізінде бұрын жарияланбаған ақпараттар мен деректер шықты. Бұл зерттеулер саяси репрессиялар мен Карлагтағы өмірді тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Өр жылдары ғалымдар мен журналистер Карлагтағы өмірді, жазықсыз жазаланған адамдардың тағдырын, сондай-ақ олардың мәдени және рухани мұрасын зерттеді.

3. Кітаптар мен деректі фильмдер

Карлаг туралы түрлі кітаптар мен деректі фильмдер жарық көрді. Бұл шығармалар тұтқындардың өмірі мен олардың қиындықтары туралы нақты деректер береді. Қазақстанда көптеген зерттеушілер Карлагтың тарихи мәнін аша отырып, осы тақырыпта ғылыми еңбектер жазды. Бұл жұмыстар, өз кезегінде, жастарды өткенді ұмытпауға, әділет пен бостандықтың құндылықтарын бағалауға тәрбиелейді.

4. Қоғамдық еске алу шаралары

Карлагтың құрбандарын еске алу мақсатында Қазақстанда әртүрлі қоғамдық шаралар мен конференциялар ұйымдастырылуда. Бұл шаралар адам құқықтары мен еркіндік үшін күресудің маңыздылығын атап өтуге және саяси қуғын-сүргіннің ауыр зардаптарын ұмытпауға бағытталған.

Қорытынды

Карлаг — қазақ халқының жадында мәңгі қалатын, жүректерде өшпес із қалдырған қайғылы кезең. Бұл лагерь тек жазықсыз жапа шеккен адамдардың орны ғана емес, ол тұтас бір ұлттың тарихындағы ең ауыр, ең қасіретті беттердің бірі болып табылады. Карлагтағы әрбір адам – еркіндік пен әділет үшін күрескен, бар өмірін қасіретпен өткізген тұлға. Олар тек өздері үшін емес, еліміздің болашағы үшін жанын пида еткен қайсар жандар еді.

Карлагтың құрбандарының рухы бүгінгі ұрпақ үшін мәңгілік үлгі, олардың ерлігі мен шыдамдылығы – әділеттілік пен бостандықтың құндылықтарын ұлықтауымыз керек екенін көрсетеді. Осы ауыр тарихты ұмытпау арқылы біз тек өткенді еске алмай, болашақта әділетсіздікті, зорлық-зомбылықты болдырмау үшін жауапкершілік сезімін арттырамыз.

Карлаг — біз үшін тек қара тарихтың қара дағы емес, бұл халықтың рухы мен қайсарлығын әлемге танытқан бірегей оқиға. Осы тарихты зерттеп, еске алып, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу арқылы біз өз халқымыздың еркіндік пен әділет жолындағы қасиетті күресін ұлықтаймыз.

Еліміздің есінде өшпестей із қалдырып, қабырғасын қайыстырған Карлагтың қайғысы санамызда мәңгі сақталады. Біз, болашақ ұрпақ, лагерден зардап шеккен аға-апаларымызды әрдайым жадымызда сақтап, олардың ерліктерін құрметтейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Смағұлова К. Карлаг: тарихы мен тағдыры. Қарағанды: -Қарағанды, 2007.
2. Мәмбет С. Қазақ репрессиясы: Карлаг және оның құрбандары. - Алматы: Атамұра, 2003.
3. Айтмұхамедов А. Қазақстандағы саяси репрессиялар және Карлаг. - Алматы: Қазақ университеті, 2015.
4. Нұрпейісов А. Тоталитаризм және қазақ зиялылары. – Алматы: Санат, 2009.
5. Жақып Ә. Саяси қуғын-сүргіннің тарихи сабақтары. -Алматы: Дәуір, 2010.
6. Қасымбекбаева М. Карлагтың тарихы: репрессиялардың қасіреті. - Қарағанды: Карлаг музейі, 2011.
7. Тұрсын, М. Қазақтың саяси тарихы: репрессиялар мен олардың зардаптары. -Астана: Елорда, 2012.
8. Дауылбаев, Е. Карлаг: тарихтың ақтаңдақ беттері. -Қарағанды: Қарағанды облыстық баспа үйі, 2016.

ЖЕТІ АТА ЗАҢЫ: ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ МӘДЕНИ МҰРА МЕН ҰЛТ ДӘСТҮРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Мухрадинова З.Е., Мирханова Н.Н.
Ғылыми жетекшісі: Демеуова Н. Қ.
С.Сейфуллин атындағы ҚАЗУ
nurgul_dk@mail.ru
Астана қ.

Аңдатпа: Бұл мақалада қазақ халқының ұлттық дәстүрлерінің бірі – жеті ата заңының мәдени-әлеуметтік маңызы қарастырылады. Жеті ата дәстүрінің тарихи қалыптасу негіздері мен оның рулық қоғамдағы

орны зерттеліп, ұлт бірлігін сақтаудағы ролі талданады. Сондай-ақ, бұл дәстүрдің қазақ халқының этникалық бірегейлігін қалыптастырудағы және ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етудегі маңыздылығы айқындалады. Мақала жеті ата дәстүрінің қазіргі заман мәдениетіндегі орнын қайта қарастыру қажеттілігін де көрсетеді.

Кілт сөздер: Жеті ата, қазақ дәстүрі, рулық қоғам, мәдени мұра, ұлттық бірегейлік, ұрпақ сабақтастығы, тарихи дәстүр.

Аннотация: В данной статье рассматривается одно из ключевых традиций казахского народа – закон семи поколений (жеті ата). Исследуются исторические основы формирования традиции и её роль в родоплеменном обществе. Анализируется значение данного закона в сохранении единства нации, формировании этнической идентичности и обеспечении преемственности поколений. Кроме того, подчёркивается необходимость переосмысления роли этой традиции в контексте современной культуры.

Ключевые слова: Закон семи поколений, казахская традиция, родоплеменное общество, культурное наследие, национальная идентичность, преемственность поколений, историческая традиция.

Abstract: This article explores one of the key traditions of the Kazakh people – the law of seven generations (жеті ата). The historical foundations of this tradition and its role in the tribal social structure are examined. The article analyzes its significance in preserving national unity, shaping ethnic identity, and ensuring generational continuity. Furthermore, it emphasizes the necessity of reevaluating the role of this tradition in the context of modern culture.

Keywords: The Law of Seven Generations, Kazakh tradition, tribal society, cultural heritage, national identity, generational continuity, historical tradition.

Кіріспе. Кез келген ел өз тарихын кастерлеу арқылы болашағына бағдар жасайды. Тарих – ұлттың тамыры мен рухани байлығының негізі. Өткенді ұлықтау арқылы халық өз болмысын сақтап, келешек ұрпаққа құндылықтарын жеткізеді.

Қазақ ұлты – тектілік пен туыстықты тұғыры еткен, тарихы тереңге тамыр жайған халық. Әрбір ұрпаққа ата-баба мұрасын сақтап, оны дәріптеудің жауапкершілігін артқан қазақтың ұлттық болмысы ғасырлар бойы шежіре арқылы қалыптасып, жетіліп келеді. Адам баласының табиғатындағы өзара байланысты ескере отырып, жеті атаға дейін қыз алысып, беріспеу арқылы халқымыз ұрпақтың денсаулығы мен әлеуметтік бейбітшілігін сақтауға тырысқан. Көрнекті тарих ғалымы Манаш Қозыбаев «Ру деген сөз – бау, сан, тайпа, тұқым, тек, арыс, жүз, жұрт, ел, отан сияқты халықтың барша тарихын көрсетер категорияларды білдіреді» [1, 27-28 б]. – дейді. Асыл тұқымды қазақ халқы «жеті ата» дегенде, тек жекелеген адамдардың туыскандығын ғана емес, түгел бір ру мен ұлттың болашағы мен бірлігі жайлы ойлайды. Жеті ата ғұрпы – ағайынадамдардың сыйластығы мен ынтымақтастығын, ар-ұяты мен адамгершілігін сақтаудың кепілі саналды. [2, 48 бб.]. Яғни жақындардың арасындағы некелесудің алдын алған бұл қағида, туыстық қарым-қатынастың беріктігін сақтап қана қоймай, сонымен қатар, ұрпақтың денсаулығы мен ақыл-ойының тазалығына қамқорлық көрсеткен. Жеті аталық ұстаным қазақтың ұрпаққа деген жауапкершілігін, ұлт денсаулығына деген алаңдаушылығын көрсететін маңызды белгі.

Шежірелік мәдениет тек өткеннің жәдігері емес, қазіргі қоғам үшін де маңызды дүние. Жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтау, тарихи сананы жаңғырту және ұрпақтар арасындағы тығыз байланысты, рухани сабақтастықты нығайту шежіре арқылы жүзеге асады. Шежіре арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау-болашақ ұрпақтың рухани тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Бұл қазақ халқының мәдени мұрасын әлемдік деңгейде таныстырудың жолы болып табылады.

Біз сөз етіп отырған қазақ шежіресінің өзі екі күрделі жетіліктен тұрады. Бірі «жеті ата» болса, бірі «жеті ұрпақ» ұғымы. Бұл қос жетілік ұстанымды бөлек түсіндіріп өткеніміз жөн болар. Бұл қос жетілік ұстанымға байланысты Мөрқан Кемелқанұлы «Қытайларда жазу өнері ерте қалыптасқандықтан, көп нәрселерді ерте бастан жазып-сызып тарихи мұрағат жасай алды. Ал, қазақ ұлты қос жетілік ұғым қалдырды. Қазақ ұлтының некелік заңы жалаң некелік көзқарас негізінде емес, тарихи қандық кіршіксіздік, гендік тазалық жүйесіне құрылған, ру – оның нақты құрылымдық жүйесі» [3, 35 б]. деген көзқарасын айтады. Жеті ата – қазақ қоғамының ұрпақ жалғастырудағы ең маңызды құрылымдарының бірі. Ол ата-бабадан берілген тектілікті білдіреді, әр қазақ баласы өзінен бастап жеті буынға дейінгі ата-тегі білуге міндетті. Жеті ата ұрпақтар арасындағы үздіксіз байланысты көрсетеді, яғни әр буын өзінің алдындағы ата-бабаларын құрметтейді. Ал жеті ұрпақ болса, болашаққа деген көзқарас десек қателеспейміз. Осы жеті ұрпақ арқылы ұлттық құндылықтар, дәстүрлер және мәдениет ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Жеті ата әкеден бастап жоғары қарай тараса, жеті ұрпақ баладан бастап төмен қарай таратылып, қос жетілік ұғым қалыптастырады. Бұл қос жетілік ұстаным – қазақ халқының өміріндегі мәдени және рухани ерекше тетік. Ол өткеніміздің құндылықтарын сақтап, болашаққа ұмтылуға жол ашады. Жеті ата арқылы қазақтар өз тегін ұмытпаса, жеті ұрпақ арқылы өздерінен кейінгі ұрпаққа жауапкершілікті жүктейді. Бұл ұғымды тек ұлттық құндылық қана емес, сонымен бірге бүкіл адамзатқа ой салар философия деп есептейміз.

«Қырық рулы елміз, қарға тамырлы қазақпыз» деген халықтық ұғым – туыскандықтың, рухани тұтастықтың және әлеуметтік құрылымының айқын көрінісі. Қазақ халқы дәстүрлі шежіре арқылы ата-тегі біліп, еркек кіндіктен бастау алып, ұлы жүзден кіші жүзге дейінгі үлкен тарихты таратып отырған. Ұлттық бірлік пен ынтымақ осы жеті ата дәстүрі мен шежіре арқылы берік сақталған. Бір-бірімен кезіккен қазақ «Қай жақтансың?» деп емес, «Қай елдің ұрпағысың?» деп сұрап, ата-бабаның аманатына адалдығын танытқан.

«Қандастық пен бекем, шежіремен көркем қазақ елі» деген осы бір сөздің астарында біздің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тектілік пен туыстықтың терең тағылымы жатыр. Қазақтың осы құндылықтары – халықтың мызғымас рухының, бірлігі мен көрегендігін айқындайтын айна.

Негізгі бөлім.«Жылқы жеті тегіне тартып туады» деп, халық адамның да арғы тегіне тартып туатындығын айқындап, «Біреу әкеге тартып туады, біреу әкеден артып туады» дейді де, ұрпағының мейлінше артып туғанын тілейді. Жеті атаға дейін жақсы білудің әдептілікке әсері мол, яғни бабасына дейінгі туыстық тегін жақсы біліп, халықтық салт-сана бойынша, туыстық қатынаста қалыптасқан құқықтық парыздарын орындап, перзенттік борыштарын өтеуге міндетті [4, 234 б.]. Қазақтың «Жеті ата заңы» сонау Ақ Орда ханы Өз-Жәнібектің заманында кемелденіп, Қазақ мемлекетінің ата заңы ретінде мойындалып атқарылған. Бұл «Жеті ата заңын» ең алғаш ортаға қойған ғұлама ғалым, қара үзген шипагер, XV ғасырдың ұлы данышпаны Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы еді.Жәнібек ханның ақылшы, кеңесшісі әрі саяси серігі болған Жиеренше шешеннің Өтейбойдақ Тілеуқабылұлына қатысты айтқан сөздері де үлкен мәнге ие. Бірде, Жиеренше шешен сырқаттанып қалғанда, шипагер Өтейбойдақ оны емдеп, денсаулығын қалпына келтірген. Осыдан кейін Жиеренше шешен оны Жәнібек ханмен таныстырады. Сол кезде Жәнібек елге аты шыққан Өтейбойдақ Тілеуқабылұлынан: «Қандай дертке ем жоқ?» деп сұраған екен. Сонда емші: «Тұқым қуалайтын ауруға дауа жоқ» депті. «Оның қалай алдын алуға болады?» дегенде, Өтейбойдақ атамыз «Жеті атаға дейін қыз алысып-беріспеу керек», депті.Олтуыстық некелердің қанның бұзылуына әкеліп соғатынын айтып, жеті аталық жүйенің қажеттілігін түсіндіреді.

Өз-Жәнібек пен Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының жүздесіп, тілдесуі сол кездегі Жәнібек ханның ұлттық идеяларының, жеті аталық ұстанымының қалыптасуына көп көмегін тигізген. Бұл, шын мәнінде, қазақ мемлекетіндегі ұрпақ тәрбиесі мен ұлт денсаулығын сақтау үшін маңызды қадам болды. Өз-Жәнібек пен Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының жүздесіп, тілдесуі сол кездегі Жәнібек ханның ұлттық идеяларының, жеті аталық ұстанымының қалыптасуына көп көмегін тигізген.

1458 жылдан бастап 1472 жылға дейінгі аралықта Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы Өз-Жәнібек ханның жарлығымен, ханның Ақ Ордасындағы арнаулы сарайында өзінің мәңгілік ғылыми мұрасы – «Шипагерлік баян» еңбегін жазып шықты. Бұл тек шипагерлік өнердің шыңы ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының әлеуметтік және генетикалық денсаулығын қамтамасыз ететін идеялардың бастауы болды. Өтейбойдақ атамыз жеті атадан асқанша қыз алыспау ұстанымының маңыздылығын ханға дәт айтып жеткізіп, оның тұтас халыққа таралуына ықпал етті. Өтейбойдақ емшінің айтқанын Жәнібек хан жадына тоқып,халыққа жеті атаға дейін үйленуге тиым салып, жарлық шығартқан екен [5, 41-42 бб.]. Жарлықтықазақ халқының денсаулығын сақтау, ұрпақ сапасын жақсарту мақсатында Өз-Жәнібек хан өзінің билігі кезеңінде шығарған. Оның басты мазмұны бойынша, қазақ қоғамындағы қыз алысу, моральдық нормалар мен денсаулыққа қатысты заңдар енгізілген. Бұл жарлықтар қазақтың ұлттық тәртібін, мәдени құндылықтарын сақтауға бағытталған маңызды шаралар болды.

Өз-Жәнібек ханның жарлығының негізгі ережелері арасында «жеті атадан ілгері қыз алысуға» тыйым салынуы ерекше орын алады. Бұл жарлықтың шығуында, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының кеңесі үлкен рөл атқарды. Өтейбойдақ атамыз өзінің шығармаларында қыз алысудың генетикалық тұрғыдан қауіпті екенін айтып, бұл мәселеге Өз-Жәнібек ханның назарын аударған. Жарлықтың нәтижесінде, қазақ қоғамында ұрпақтың денсаулығы мен тектілігін сақтау мақсатында жеті атадан асып қыз алу тоқтатылды.Сонымен қатар, Өз-Жәнібек хан өзінің жарлығында «суық жүріс» деп аталатын — зинақорлыққа, сондай-ақ басқа да жат қылықтарға қарсы шаралар белгіледі. Бұл қоғамда текті, таза ұрпақтардың дүниеге келуін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған шешімдер болатын. «Суық жүріс» пен басқа да жат қылықтар үшін қатаң жазалар белгіленіп, оларды түзету үшін әртүрлі шаралар қолданылды.Қазақтың қыз алысып, қыз берісу дәстүрі туралы тарихшы Ақселеу Сейдімбековтің «Жеті жұртты куәге тартып, яғни жеті рудан кісі шақырып, ала арқан керіп, ала жіп аттап, боз бие шалып аталастығымызды ұмытпайық деп бармақтарын қанға малып, елдік ұран мен таңба белгілесетін болған» [6, 74-б]. , – деген сөзі «Жеті атаға толмай қыз алыспау заңының» қатаң екендігіне тағы да бір дәлел. Бұл заң қазақ даласында болашақ ұрпақтың сапалы, зерек, әрі денсаулығы мықты болып дүниеге келуінің негізін қалады.

Өтейбойдақ бабамыз өзінің шығармасында: «Отыз атадан кейін қыз алса, ұрпақ ақылды, кемелді туады» [5], деп, адамзат тарихындағы генетика ғылымының іргетасын алғашқылардың бірі болып қалады. Бұл ұстаным ел болашағының кемелдігіне жол ашып, қазақ халқының ұлттық идеясының негізгі бөлігін құрады.

Абылай хан тұсында да жеті ата қағидасы ұлттың өсіп-өнуі мен ішкі тұрақтылықты сақтаудың негізгі құралы болды. Абылай хан жыл сайынғы “бауырбас жиындары” арқылы билер мен сұлтандардың қатысуымен қазақ даласындағы барлық маңызды мәселелерді шешуді жолға қойған. Бұл жиындарда жеті ата ұстанымының қатаң сақталуы қайта-қайта ескертілді. Халықтың санын көбейту үшін сол кезеңде «төс айырылысу» дәстүрін жаңғыртқан. Яғни жеті атадан асып, сегізінші атадан туылған бала үшін той жасалып, бүкіл жеті аталарынан жұрт жиналып, жаңа ру шығып, қыз алмаса алатындарын айтатын болған. Елдің өсіп, өркендегені үшін той жасалып отырған. Жеті атаға байланысты дәстүрлердің әлі күнге дейін сақталуы, біздің ата-бабаларымыздың шыншылдығын көрсетеді.

Қазақ халқының тұтастығы мен мәдениеттің сақталуына зор ықпал еткен бұл ұстаным тек генетикалық тұрғыдан ғана емес, рухани және әлеуметтік байланыстарды нығайтуда да маңызды рөл атқарды.

Өз Жәнібек ханның билігі кезінде шыққан жарлықтар қазақ қоғамында заңды түрде бекітіліп, ұлттың болмысын қалыптастыруға септігін тигізді. Бұл жарлықтар, әсіресе жеті аталық жүйенің сақталуын қамтамасыз

ету арқылы қазақ халқының генетикалық таза болуын қорғады. Қазіргі ғылыми тұрғыдан, генетика саласындағы зерттеулер осы жүйенің қаншалықты маңызды екенін дәлелдеп отыр. Бұл жүйе қазақтың ата-бабаларының ұрпақтар арасында жақындық пен қандастықтың сақталуын қамтамасыз етіп, елдің денсаулығы мен әлеуметтік бейбітшілігін қорғады. Өз Жәнібек ханның қабылдаған заңдарының ғылыми тұрғыда дәлелденуі, қазақ халқының мәдениетінің қаншалықты жетілгенін көрсетеді. Жаңа дәуірде, әсіресе екі жүз жылдай зерттеліп келе жатқан генетика ғылымы жеті аталық жүйесінің тиімділігін бүгінгі таңда мойындайды. Өз Жәнібек ханның ұлтты сақтау мен нығайтудағы осы ірі бастамасы қазіргі ғылыми жаңалықтармен дәлелденуде.

Туыстық қан жеті атаға дейін сақталатынын қазіргі медицинада да дәлелдеп отыр. Медицина әке қаны балаға 50%, немереге 25%, шөбереге 12,5%, шөпшекке 6,25%, неменеге 3,125%, жүрежатқа 1,256%, туажатқа – 0,78% даритынын, ал одан кейінгі ұрпақта әке қаны болмайтынын дәлелдеген. Жеті атаға дейін қаны араласпаған ұрпақ шымыр, ақыл-ойы озық болатынын өмір дәлелдеп келеді. [7, 117 б.]. Бабаларымыз өздерінің үрім-бұтағына жеті атасына дейінгі шежірені үйретіп, жадына сақтау арқылы сол дәуірдегі қоғамда жеті ата демек ата тектілігі сынды қасиетті институтты қалыптастырды. [8, 82 б.].

Генетика ғылымы дамыған заманда бұл қағиданың ғылыми тұрғыдан дұрыстығы дәлелденіп отыр. Қазіргі таңда генетикалық зерттеулер қандас некелердің түрлі аурулардың пайда болуына, мутацияларға себеп болатынын анықтады. Қазақтың «жеті ата заңы» мұндай тәуекелдерді алдын ала болжай білген дана дәстүрдің айқын үлгісі.

Қазіргі генетика жетістіктері шежіренің өміршеңдігін, ұрпағын ойлап зар қақсаған ата-бабаларымыздың өр көксеп өкіруі бекер емес екендігін растап отыр. Ғалымдардың айтуынша, туыстық байланыс деңгейі неғұрлым жақын болған сайын, ұрпақтың генетикалық ауытқуларға ұшырау қаупі соғұрлым жоғары болады. Қазақтың жеті атаға дейін қыз алыспау заңы – адамзаттың эволюциялық генетикасын тереңнен түсінудің жарқын мысалы. Бұл дәстүр генетикалық деңгейде ұрпақ денсаулығын сақтаудың тамаша моделі ретінде мойындалады.

Метафоралық түрде айтсақ, адам геномын ашу – жабулы жатқан қазынаны аршумен тең. Ғылыми зерттеулерде жеті атаға қатысты генетикалық ізденістер адам ДНҚ-сындағы өзгерістердің қалай сақталатынын және таралатынын анықтайды. Мәселен, ұрпақтан ұрпаққа берілетін кейбір мутациялар белгілі бір уақыт аралығында генетикалық тұқым қуалаушылық заңдылықтарын зерттеуге мүмкіндік береді.

Биология ғылымындағы «инбридинг» ұғымы туыстық некелерден туындайтын генетикалық ақауларды сипаттайды. [9]. Қазақ халқының жеті атаға дейінгі қыз алыспау заңы дәл осы құбылыстың алдын алатын даналық дәстүр болып саналады. Генетика тұрғысынан бұл – ДНҚ-дағы мутациялардың шоғырлануын азайтып, генетикалық әртүрлілікті арттырудың ең тиімді жолы екеніне тағы бір дәлел. Адам ДНҚ-сы шамамен 50%-ға ата-анасынан, ал қалған бөлігін бабаларынан алады. Жеті ата шеңберінде қан тазалығын сақтау – генетикалық әртүрліліктің үзілмеуін қамтамасыз етеді. Теңеумен айтқанда, бұл – ұлы өзеннің бұлақтар арқылы толығуы секілді табиғи процесс.

Жеті аталық шежіре – ата-бабаларымыздан қалған асыл мұра ғана емес, бұл – табиғат заңдылықтары мен ғылымның үндестігі. Қарапайым дәстүрде ұрпақ денсаулығын сақтаудың, отбасы мен ұлт болашағын қорғаудың терең мәні жатыр. Қазақтың ұлы даласында бабалардан жеткен "жеті ата" ұстанымы ғылым мен дәстүрді тоғыстырған алтын көпірдей. Ғасырлар бойы қан тазалығы мен рухани сабақтастықты сақтаған бұл мұра – біздің тек өткеніміз ғана емес, болашағымыздың да темірқазығы.

Қорытынды. Бүгінде Жеті аталық ұстаным бірқатар өзгерістерге ұшыраса да, әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Қазіргі заманғы қоғамда бұл дәстүр генетикалық денсаулықты сақтаумен қатар, ұлттық мәдениет пен тарихқа деген құрметті арттыру құралы ретінде көрініс табады. Қалалық ортада кейбір жастар өз тегін толық білмеуі мүмкін. Дегенмен, соңғы жылдары ұлттық рухани жаңғыру бағдарламалары арқылы ата-баба мұрасын тануға деген қызығушылық артып келеді. Мысалы, қазіргі кезде мектептер мен жоғары оқу орындарында ұлттық тарих пен мәдениетті оқыту бағдарламалары енгізіліп жатыр. Әлеуметтік желілерде де жеті ата дәстүрі жайлы ақпарат таратылып, оның маңыздылығы жиі талқыланады.

«Жеті ата» дәстүрін туыстық бірлікті бұзбауға, тұқымды таза сақтауға жасалған ереже-заңы деуге болады» [10, 168 б.]. Жеті аталық ұстанымды сақтау – қазақ халқының рухани тамырын тану мен мәдениетімізді құрметтеудің белгісі. Біріншіден, бұл ұстаным ұрпақ тәрбиесінде генетикалық денсаулықты қамтамасыз етеді. Екіншіден, жеті атаны білу – әр адамның өз тегін, тарихи тамырын тануының көрінісі. Бұл ұлттық бірегейлікті сақтауға және өзге мәдениеттермен тең дәрежеде өз орнын табуға көмектеседі. Үшіншіден, бұл дәстүр қазақ қоғамында моральдық-этикалық нормаларды қалыптастырып, рухани құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді.

Жеті аталық ұстаным – қазақ халқының даналығын көрсететін ерекше құндылық.

Бұл дәстүрдің қазіргі заманда да өзектілігін жоғалтпауы халқымыздың мәдени мұрасына адал екенін көрсетеді. Сондықтан жеті атаны білу мен сақтау – тек дәстүр емес, ол болашақ ұрпақтың денсаулығы мен ұлттық бірегейлігін сақтаудың негізі. Осы қағиданы ұстану арқылы

біз ата-бабамыздың асыл мұрасын келешекке жеткізіп, мәдениетіміздің байлығын арттыра аламыз.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттық болмыс пен дәстүрдің жоғалу қаупі жиі айтылуда. Осы тұста шежіренің құндылығы айқын көрінеді. Бұл – бабадан қалған аманат, әулет тамырының алтын арқауы. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деген ескі сөзде терең мән бар. Себебі өз тегін, арғы-бергі тарихын білген ұрпақ өзіндік рухани тірегін табады.

Шежіре – тәрбие құралы. Ол тек тектің тізімі емес, ұрпақты ата жолын ардақтауға, елге, жерге деген құрметке үйрететін даналық мектебі. «Жеті атадан жеті өнер» ұғымы – тек тегін біліп қана қоймай, ата дәстүрін сақтау, жаңа белестерге ұмтылу дегенді білдіреді.

Бүгінгі таңда ғылым да шежіренің құндылығын жаңа қырынан ашты. Қазақтың жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі генетикалық дерттердің алдын алу үшін табиғат заңымен үндескені дәлелденіп отыр. Мұны «жеті атасын білмеген жетесіз» деген халық сөзі де айқындайды.

Цифрландыру дәуірінде шежіре де жаңа деңгейге көтерілуі тиіс. Электронды базалар арқылы адамдар өз тегін зерттеп, шежіресін толықтырып, оны келер ұрпаққа мұра етіп қалдыруы – заман талабы. «Өткенге тағзым – болашаққа аманат» дегендей, шежіре ұлттық бірегейлікті нығайтып, рухани жаңғырудың негізіне айналуы керек.

Шежіре – тарихтан тәлім алудың мектебі, ұрпақ тәрбиесінің құралы және ғылымның тоғысқан тұсы. Бұл ұлы мұра өз маңызын ешқашан жоғалтпайды. Қазақ даналығы айтқандай, «Тарихын ұмытқан елдің болашағы бұлыңғыр». Олай болса, шежіреге өткеннің естелігі ретінде ғана емес, бүгінгі ұрпақтың рухани тірегі ретінде қарауымыз қажет. Шежіре – тамыры тереңге жайылған бәйтерек, ал ұрпақтар – оның мәуелі бұтағы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Армысың, ата тарих — аңырақай. – Алматы, 2011.
2. Бизақов С. Түбі бір түркілер. - Алматы:Қазақ энциклопедиясы, 2000.
3. Қазақ халқының шежірелік жүйесі туралы. //Шинжиян қоғамдық ғылымы журналы, 2010.
4. Табылды Ә. Этнопедагогикалықоқылымдар. - Алматы: Білім, 2005.
5. Тілеуқабылұлы. Ә. (XV ғасыр). «Шипагерлік баян» еңбегі.
6. Жүнісұлы Ж. Шежіре туралы толғанис. Іле тарихи материалдары. – Құлжа, 2013.
7. Бекманов Қ. Халқы мықтының – салты мықты (этнографиялық сыр–сұхбат). -Алматы: Мұраттас, 2010.
8. Ахметова З. Бабалар аманаты: Естелік – эссе. – Алматы, 2012.
- 9.Айдосова Л.А. «Инбридинг және аутбридинг». // <https://stud.kz/referat/show/45901>
- 10.Зиманов С. Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер,зерттеулер. --Алматы:Жеті жарғы, 2004.

XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚЫТАЙ ЖЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ МӘДЕНИЕТІ

Махмудова Д.С

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., асс.проф Туякова А. Е.

Астана халықаралық университеті

dilnazmahmudova1@gmail.com

Астана қ.

XX ғасырдағы Қытай жеріндегі қазақ диаспорасы, сыртқы саяси және әлеуметтік қысымдарға қарамастан, ұлттық болмысын, мәдениеті мен дәстүрлерін сақтап қалу жолында табанды әрекет жүргізді және бұл олардың бірегей этникалық топ ретінде дамуына ықпал етті.

XX ғасырдың басынан бастап Қытай жеріне қазақтардың көшіп келуі түрлі тарихи және саяси жағдайлармен байланысты. Бұл қазақтардың тек қоныс аударуымен ғана шектелмей, олардың ұлттық мәдениеті мен дәстүрлерін сақтап қалу жолындағы әрекетімен де тығыз байланысты. Оған дәлел ретінде қазақ диаспорасының Қытайдың батысындағы Шыңжаң өлкесінде шоғырланғандығын атап өтуге болады. Ол Қытай Халық Республикасының Солтүстік-Батыс өңіріндегі орналасқан автономиялық аумақ, әрі жер көлемі бойынша ең ірі әкімшілік аумақтық бөлініс болып табылады.

Мақаланың мақсаты XX ғасырдағы Қытай жеріндегі қазақ диаспорасы туралы зерттеу материалдарын қамтып мәлімет беру және де талдау жасау. Мақалада міндеттер қойылды, Қытайдағы қазақ диаспорасының қалыптасуының тарихи алғышарттарына шолу жасау; XX ғасырдағы Қытайдағы қазақтардың көшіп-қону себептеріне тоқталу және Қазақ диаспорасының Қытайдағы әлеуметтік-мәдени жағдайын анықтау.

Қытайдағы қазақтардың бұл көшіп-қону үдерісі бірнеше кезеңге бөлінеді: алғашқы кезеңі Ресей империясынан Қытайға қашқан қазақтардың келуімен басталды, кейінгі кезеңдер 1917 жылғы Қазан төңкерісі, 1930-шы жылдардағы ұжымдастыру, 1940-1950 жылдардағы Кеңес Одағы мен Қытай арасындағы қатынастардың күрделенуі кезінде жалғасты. Қытайдағы қазақ диаспорасының жағдайы Қытайдағы саяси және экономикалық жағдайларға да байланысты өзгеріп отырды. Көшіп-қону себептері: 20 ғасырда қазақтардың Қытайға қоныс аударуы саяси қуғын-сүргін, ұжымдастыру және ашаршылық сияқты факторларға тікелей байланысты болды. Бұл жағдайлар қазақтарды өз жерінен айырды, бірақ олар жаңа ортада да ұлттық бірегейліктерін сақтап қалуға ұмтылды. Ұлттық бірегейлікті сақтау: Қытайдың социалистік жүйесі мен Мәдени революция қазақтардың мәдениеті мен тілін шектеуге тырысқанымен, қазақтар өздерінің діни сенімдері мен ұлттық дәстүрлерін жасырын түрде болса да жалғастырып, ұрпақтарына жеткізу жолдарын тапты. Қоғамдық